



Иманбердиев Н.Т.

## ЖАСТАРМЕН ӘЛЕУМЕТТИК ЖҰМЫС ЖУРГІЗУДІН ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*В статье описываются основные теоретические основы проведение социальных работ с молодежью. А также анализируются научные работы и огромный опыт по данной теме отечественных, зарубежных ученых.*

*In this article the main theoretical foundation of spending social works with youth is considered. Besides analysed scientific works and enormous practice of local and native scientists on this theme.*

Әлеуметтік жұмыс қоғамдық құбылыс, белгілі бір қоғамдық институт ретінде пайда болған. Ол бірте бірте әр түрлі ғылымның зерттеу объектісіне айналды. ХХ ғасырдың ішінде ол теориялық тұрғыдан қарастырылып, ғылыми сипаттама беріле бастады.

Шетелдік ғылыми дәстүрде әлеуметтік жұмысты теориялық тұрғыдан зерттеудің тарихы біршама уақытты қамтиды. Осы тақырыпқа арналған еңбектер жеткілікті [1]. Ал Ресейде әлеуметтік жұмыска қатысы бар қайырымдылық дәстүрін тарихи-биографиялық тұрғыдан зерттеуге бағышталған бірнеше еңбек кездеседі [2].

Бұл ретте бір бірімен әлеуметтік жұмыс туралы ғылымдағы өзара байланысты екі құбылысты бөліп алуға болады. Біріншісі, жалпы әлеуметтік даму барысындағы әлеуметтік жұмыстың орнын анықтау, жалпы қоғам тарихын зерттеу, ал екіншісі әлеуметтік жұмысты ғылыми зерттеу, әлеуметтік жұмыс теориясының эволюциясы, онын адам мен қоғам туралы басқа да ғылымдармен ара қатынасы тұрғысындағы зерттеулер.

Ғылыми әдебиеттерге жүргізілген зерттеулер әлеуметтік жұмысты ғылыми пайымдау тарихындағы теориялық дәстүрлер қоғам өміріндегі қайырымдылық секілді құбылыстың әлеуметтік орны мен мәнін зерттеуге, сондай-ақ әлеуметтік көмекті әр түрлі психологиялық, социологиялық, психотерапевтикалық доктриналармен салыстыра тексеру талпыныстарын қарастыруға орай қалыптасқанын көрсетеді [3].

90-жылдардың басында ғылыми әдебиетте әлеуметтік жұмысты теориялық негіздеудін бірнеше үлгісі белгіленді. Оны қоғамдық құбылыстың ерекше әлеуметтік қызметі ретінде түсіну өрістеді. Бұлар қазіргі заманғы қоғамдағы әлеуметтік қорғау проблемаларын теориялық пайымдауға бағытталған әр түрлі мектептердің ірі ғалымдарының ғылыми ізденістерінің ғана нәтижесі емес, сонымен бірге әлеуметтік жұмыстың мазмұны мен формаларының өзіндегі эволюция, өзгерістер [4,5,6,7,8].

Әлеуметтік жұмысқа қатысты ғылыми білімді құрударды өйгілі теориялық тәсілдерге, олардың өздеріне әсер еткен аралас ғылымдарға қатысты жүргізілген талдаулар кем дегенде үш топтағы теориялардың бар екендігін көрсетеді:

- 1) әлеуметтік жұмыстың психологиялық-бағдарлы теориясы;
- 2) әлеуметтік жұмыстың әлеуметтік-бағдарлы теориясы;



3) психологиялық-әлеуметтік (социопсихологиялық) немесе жан-жакты, пәнаралық бағдарлы әлеуметтік жұмыс теориясы.

Осы тараушада біз жоғарыда аталған әлеуметтік жұмыстын қазіргі заманғы теорияларының ерекшеліктеріне және қысқаша мазмұнына тоқталатын боламыз.

#### *Психологиялық-бағдарлы теория*

Әлеуметтік жұмыстын қазіргі заманғы қалпында теориялық пайымдау ретінде психодинамика З. Фрейдтен бастап оның ізін қуышылардың психоталдаулық зерттеулері негізінде қалыптасты [9]. Олардың ролі бұл орайда негізінен әлеуметтік жұмыс үшін аралас ғылыми пән ретінде әдістемелік түрғыдан ықпал етумен шектелді.

Алайда әлеуметтік жұмыстын психодинамикалық үлгісі негізінде ықпал ету мен әзірлеме әлеуметтік жұмыстын нақты технологиясын негіздеудін ерекше үлгісінін пайда болуы мен дамуына мүмкіндік тұғызы. Мұнда проблемалары бар жеке адамға, отбасына, адамдар тобына әлеуметтік көмек көрсету мәселелері талқыланды. Бұл ретте әлеуметтік қызметкер әрекеттін психодинамикалық үлгісі негізгі, бастапқы постулаттарға табан тірдейді. Негізінен олар мыналарға әкеледі:

а) әлеуметтік қызметкер клиентпен қарым-қатынаста тек психологиялық құрылым иеленіп коймайды, сонымен бірге өзгерістерге де қабілетті болады;

б) әлеуметтік қызметкердің клиентке ықпал етуі оның әлеуметтік-экономикалық жағдайын, әлеуметтік сатылы топтар жүйесіндегі мәртебесін ескеруі тиіс;

в) психодинамикалық теория мұқтаждарға, жекелеген адамдарға нақты көмек көрсету барысында пайдалы екендігін түсінуін талап етеді;

г) әлеуметтік жұмыстын психодинамикалық моделі әдетте, клиентке қатысты мінез-құлықты, көзқарасты, қарым-қатынасты оның ішкі өлеміне, нақты өмірді қабылдау ерекшелігіне әсер ете отырып өзгертуді көздейді.

Бұл ретте әлеуметтік қызметкер өзінін де психологиялық әрекшеліктерін ескергені жөн.

Әлеуметтік жұмысты психодинамикалық жүргізу контекстінде психоәлеуметтік ықпал ету бірнеше дербес кезеңдерді қамтиды:

1) клиенттің проблемасын зерттеу; 2) клиенттің әлеуметтік жағдайы мен психологиялық жай-күйінін, сезімдерінін әрекшеліктерін талдау; 3) әлеуметтік қызметкер мен клиенттің жақындастыры, тығызы байланыс орнатуы; 4) клиенттің өміріне әсер еткен басты оқигаларды пайымдау; 5) әлеуметтік қызметкер мен клиенттің сенім негізінде көлісілген іс-әрекет етуін жоспарлау, 6) соционом мен клиенттің оның проблемасын шешу бойынша қазіргі әрекеті.

Осындай тәсілдің құндылығы қазіргі заманғы адам мен қоғамның даму проблемаларын тұластай, жүйелі турде көре алғанда арта түседі.

#### *Әлеуметтік-бағдарлы теория*

Әлеуметтік жұмыс теориясының бірқатар әлеуметтік-бағдарлы үлгілеріне қошалған. Олардың ішінде әсіресе қоғамның құрылуты мен дамуы туралы жүйелі түсінікке сүйенетін әлеуметтік жұмысты теориялық түрғыдан негіздей үлгісі пайдалы. Бастапқы нұсқасында бұл теория биологиялық негізде әзірленген және ол бүкіл организм шағын жүйелерден құралған жүйелер екендігін көрсетті. Бұл теория әлеуметтік топтар мен қоғамдық институттарды, отбасын, шағын қауымдарды, ұжымжарды қамтитын әлеуметтік жүйені талдауда көнінен қолданылды.

70-жылдары бұл тәсіл әлеуметтік жұмысты талдауды шетелдік ғалымдар тарапынан қызу қолдау тапты [10, 11, 12, 13].

Осы түсініктін аясында адамдарға мынадай үш түрлі жүйе көмек Бере алады деген көзқарас кен таралды: бірінші, отбасы, достар, қызығушылықтары бойынша құралған бірлестіктер; екіншіден, қауымдық топтар, қесіподактар, қоғамдық-саяси ұйымдар және с.с.; үшіншіден, қоғамда мекеме, ведомостта, функционалды бағытталған ұйымдар (ауруханалар, кітапханалар, мектептер және т.б.) жүйелер.

Осы контексте әлеуметтік қызметкердің міндеті екі топқа дифференцияланады: бір жағынан, олар адамдарға олардың проблемаларын шешуге қабілетті мекемелердің, ұйымдар мен ведомостта олардың қызметін онтайландырумен байланысты, екінші жағынан, әнгіме мұқтаж жандардың әлеуметтік жұмыс мекемелерін өз қажеттіліктерін, қанағаттандыру, адамның өзін өзі реттейтін жүйе ретіндегі өзін өзі қорғау потенциясын жандандыру үшін пайдалануына қолдау көрсетуі туралы болып отыр.



Қазіргі кезде әлеуметтік жұмыста жүйелер теориясын қолданудын дәстүрлі екі формасы бөлінеді: а) жалпы жүйе теориясын пайдалану; б) экологиялық жүйелер теориясын әзірлеу және пайдалану. Әлеуметтік жұмыстың экологиялық теориясының басты түсінігі «өмір моделі» ұғымы болды. Өмір моделі адамдарды тіршіліктің жүйелі ұйымдастыру субъекттері ретінде қарайды. Бұл адамның өзгерістер барысында дамитытына орай қалыптасқан.

Әлеуметтік проблемалар (кедейшілік, табигаттың ластануы, қанау және т.б.) адамзат тіршілігін ауырлатады, яғни өзара бейімделу мүмкіндігін азайтады. Тіршілік жүйелері (адамдар, олардың бірлестіктері) әкіжүйе теориясына сәйкес бүкіл қоршаған ортамен жақсы тенбе-тендікті сақтауы тиіс.

Әлеуметтік-бағдарлы модельдін әлеуметтік жұмысты теориялық негіздеуші басым факторларына шешуші мәдениет жатады. Ол мынадай мақсаттарға қол жеткізуі көздейді: 1) клиентке өзін орын алған проблемаларды шешуге қабілетті «каузальды агент» ретінде көруіне және пайымдауына көмек көрсету; 2) клиенттің әлеуметтік қызметкерді өзінен пайдаласы тиестіндегі білімі мен икемі бар жан ретінде қабылдауына қолдау көрсету; 3) клиенттің әлеуметтік қызметкерді бірқатар проблемаларды шешудегі серікtes ретінде қаруына қолдау көрсету.

Әлеуметтік-бағдарлы модель 70-80-жылдарда жан-жақты өрістеді. 90-жылдардың басында барынша шарықтап, пәнаралық, кешенді сипат иеленді. Сөйтіп ол әлеуметтік жұмыс теориясы[14,15]. деген жаңа ғылыми пәннін тууына жол ашты.

Әлеуметтік-бағдарлы модель ішінде басқасынан гөрі шешуші және экологиялық модель жақындау.

Жастардың социологиялық теориясында «ұрпақ», «жас ерекшелік табы», «жастық шақ», «жастар», «әлеуметтік жасы келгендей» «қартия» деген ұғымдар жоқ.

Сөйтіп, зерттеушілер Аңдрушенко В.П., Горлач Н.И. [16] «ұрпақ» терминінің көп мағыналығына назар аударады және оның төрт мағынасын көрсетеді.

Демографияда жобамен бірдей уақытта туған адамдардың жиынтығын ұрпақ деп санайды.

Антрапологтар мен зангерлер жалпы ата-бабадан шыққан сатылықты ұрпақ деп айтады.

Тарихшылар мен социологтар ұрпакты ата-ана мен олардың балаларының туған аралыққа тен уақыт аралығы деп санай отырып статистикалық түрде 30 жылға тен деп айқындаиды. Бүгінгі күні отбасының жасару үрдісі, ата-аналар мен балалардың арасындағы жас ерекшеліктің орташа айырмасының қысқаруы байкалада, ал дамыған елдерде өмір сүру ұзактығының ұлғаюы үш емес, төрт ұрпактың бір мезгілде өмір сүруіне әкеледі.

Ұрпақ ұғымы кіретін символдық мағына бар. Онда өмірлік тәжірибе қауымдастырының, қуәлары мен қатысушылары адамдар болған тарихи оқиғалар» туралы естеліктердің кейір қалыптасқан жалпы әдептердің, байлардың, дәстүрлердің, өмір заңының, тілті талғам мен көніл ауудың да ерекше маңызы бар. Бірақ бұл мағынада ұрпактар арасындағы буын хронологиялық нақты шекараларда жатқан жоқ, онда әлеуметтік бөлініс, сондай-ақ аса маңызды, құндылықтардың айқындастырылған тарихи оқиғаларға қатынас ұлкен рөл атқарады. Осы мағынада ұрпактың саны сапалық айқындалуының, әртүрлі ұрпактың ұзактығы әртүрлі болуы мүмкін екендігінің қаншалықты болуында.

Социологиялық түсінікте жастық шақ қашан басталды? Әртүрлі авторлар, жастарды ерекше әлеуметтік-демографиялық топ ретінде сипаттай отырып бұл ұғымды біржакты қолданады. Мысалы, Филипов Р.П. [17] жастық кезең 13 жастан басталып 24 жаста аяқталады деп санайды. Фалым осы кезеңнің ішкі жас ерекшелігін және әлеуметтік дифференциациясын баса айта отырып, қандай да болмасын нақты негіз бермейді.

13 пен 18 жыл аралығындағы жас «жасеспірім шақ» ұғымымен біріктіріледі және біршама дөрежеде жаңа белгілерге жеке әлеуметтік тәртіптің нысандарына әкелетін биопсихологиялық дамумен сипатталады. Бірақ адамды балалық шақтан бөлөтін демаркациялық сыйық 18 жаста етеді. Бұл жас көптеген елдерде құқықтық дербестіктің басталуымен сипатталады, яғни ересектермен қалыпты тенестірумен және занды құқықтарды көрсетумен: еңбек үшін тен ақы төлеу, армияда қызмет ету, некеге отыру, сайлауға қатысу.

18 және 24 жыл арасындағы жаста жастардың отбасылық, кәсіби және құқықтық мәртебесі бойынша дифференциация неғұрлым нақты болады. Осы кезеңді Л. Розенмайер «жас ересектер» деп айтады. Егер бірнеше кезеңде бұл кейір кезде біртекті топ болса, онда 18 және 25 жас аралығындағы халық гетерогенді (біртекті емес). Бұл құрдастар тағдырының айырмашылығына байланысты әлеуметтік біртектілік емес және социологтар үшін ерекше мүдде.

Жастық шақта әлеуметтік рөлдерді белсенді игеру процесі болады. Олардың саны олар бәсеке игерілетін немесе тоқтатылатын белгілі бір «толығу» шегіне жылдам жақындаиды.



Социолог Фирсов М.В., Студенова Е.Г. «толығу» шегі жастық шақ деп түсінуге болатын жас ерекшелік кезеңдерінін шенберіне жатады [18] деп есептейді. Ал одан әрі — әлеуметтік ессею кезеңіне кіру. Фирсов М.В., Студенова Е.Г жастар санатын айқындауға арналған аса көн шекараларды ұсынады, ол осы топқа 14-33 жас аралығындағы адамдарды кіргізеді.

Көптеген социологтар адам жасы тек «есептегіш», өмір сүрген жылдын көрсеткіші ретінде ғана қаралуы мүмкін еместігі туралы көзкарасты жақтайды. Онын жеке адамның даму процесінін динамикасын зерттеуде елеулі мәні бар. Әлеуметтік құрам, қажеттілік пен мудде, максаттар мен өмір сүру жоспарлары, іс-әрекеттің нәтижелері мен перспективалар әрбір алдыңғы кезеңде дайындалады. Сондықтан зерттеушілер жеке тұлғаны бүкіл өмір бойындағы тұгастықта зерттеуді ұсынады.

Мәселе, әдетте, адам ен жоғарғы жетістіктерге ересек шағында жететіндігіне қарамастан, осы жетістікке дайындық жастық шакта болатындығында. Сондықтан социологтар кульминациянын Спартага, ал іс-әрекет спартасынын жеке тұлғаны тәрбиесу тарихына белгілі бір тәуелділігі бар екенін атап айтады. Адам жасының қоғамдық функциялармен байланыс идеясы ғылымда бірнеше рет атап көрсетілді. Ол адамның өмір циклін әлеуметтік кезеңдердің негізінде жатты. Адамның барлық өмір циклін біртұтас етіл байтансызыруға ұмтылыс Лещинская Г. [19] «Адамның жастары туралы» енбекінде нақты көрсетілген, ондағы ғалым өмір жолын екі қатарлы кезеңге бөледі, ал олардың әрқайсының өзіндік ерекшеліктері және белгілері бар.

Аналогия үшін Лещинская Г. мифологиядағы құдайлардың аттарына сүйенді. Алғашқы онжылдықта Меркурий үстемдік жасайды, адам өмір жолымен тез және женіл жүреді, бірақ оның көnlік-күй түрлі ұсак-түйекке байланысты өзгермелі болады. Осы жылдардағы оқу, ойындар қозғалмалы. 20 жылдары махабbat құдайы Венераның патшалығы басталады, ол оның барлық тіршілігіне үстемдік жасайды. 30 жылдары оны Марс ауыстырады, ол адамға табандылық, батырлық, күш, батылдық, жауынгерлік экеледі. Ол оны өзет болуға, тәуекелділікке шакырады. Адам 40 жасында Церердің үстемділік қүшінде пайдалылыққа бас иеді. Веста оған үй ошағын береді, Паллада білім мен даналық сыйлайды, Юнона сияқты оның үйінде ханым-зайыбы билік жасайды. 50 жасында Юпитер билік көрсетеді, адам өзінің қүшінен ләззат алады, ол тәжірибе мен білімге бай, беделге ие, басқаруға икемді. Бірақ 60 жылдары оның өмірінде Сатурн өзінің қорғасындағы ауыртпашилығымен, бағулуғымен және солғындығымен әсер ете бастайды.

Лещинская Г. өмірдің бірінші жартысының сипаты бақытқа ұмтылудың қанағаттандырылмаумен айқындалатының, ал екінші жартысына тән ерекшелік – бақытсыздықтан қорықтау екенін айтады. Бұл ретте философ адамның оның жасына қатысты уақытты қабылдаудағы айырманы атап көрсетеді. Жасөспірім шакта сағаттың етуі карттық шактағыдан гөрі ұзағырақ болады. Жастық шакта адам көптеген қауіп пен толқуды бастан көшіреді, оның көnlік-күй масаттану мен энтузиазмнен бастап жабырқашылық пен көnlісіздікке дейін өзгеріп отырады. Карттық шакта азапқа тұсумен оның күмарлығы басылады, көnlік-күй неғұрлым тұрақты және селқос болады, ал егер денсаулығы жақсы сақталса, онда адам аса ауыртпашилыққа тап болмайды, ол қамтамасыз етілгенін, қолайлықты жақсы көреді, тыныштықты қалайды.

Лещинская Г. аса маңызды кезең ретінде жастық шакқа ерекше мән береді. Ғалым бәрі де адамдардың жасөспірім шактың жылдарын қалай пайдаланатына қатысты екені атап көрсетті. Есейген жылдары олар әлемге көбірек әсер ете алады, жетіле түседі, сыртқы әсерге бағынбайды. Есейген шақ – іс-қимыл жасау және шығармашылық кезеңі, жасөспірім шақ – алғашқы масаттану және бірінші таным уақыты. Жасөспірім шақ, жемісті тек жоғары белігі беретініне қарамастан, өнімін тек шының таным ағашының түбірі болып қалады.

Қазіргі қоғам жұз, екі жұз жыл бұрынғыдай жастарға, оның мүдделеріне, құндылықтарына, іс-қимыл тәртібіне күм үлгісіне бір жакты қарамайды. Үлкен ұрпак жастардың пікіріне, оның өзінен және оның проблемаларына теренірек қараиды. Ал олар үтігін мүлдем қарапайым емес. Экономикалық белсенді тұрғындардың халықтың жалпы құрамындағы үлесінін төмендеуі неғұрлым қарқынды белігі – жастар есебінен болады. Үтігін жұмыспен қамту қызметінен өтініш жасайтындардың әрбір екіншісі жастардың өкілі (16-29 жас).

Жоғарыда айтып еткеніміздей, жастардың жартысынан азы ғана жұмыспен қамтылады. Сондықтан жастардың экономикалық іс-әрекеттегі үлесі халық шаруашылығында жұмыс істейтіндердің жалпы санының 24 процентін ғана құрайды. Жұмыссыз жастардың саны 1993 жылдың басында жұмыссыздардың жалпы санының 54 процентін құрады. Үтігінде құні мемлекет тарапынан жағдайды өзгерту үшін үнемі әрекет жасалып отырса да бұл санын аса көп өзгерісі болмады. Осындаш шаралардың бірі жастар көсіпорындарын, кооперативтерді, күру, олар үшін салық женілдігін жасау көзделген жастардың көсіпкерлігін мемлекеттік қолдау жөніндегі шаралар болды. Басқа да шараларда жеке тұрғын үй салуға және



сатып алуға, жүргүре женілдікті несиeler, жоғары білім алуға, жас отбасылары үшін арнайы қызмет құруға несиeler беру көзделді. Дегенмен жалпы экономикалық қындықтар мемлекет мәлімдеген саясатты материалдық қамтамасыз етуге кедергі болды.

Жастардың әлеуметтік және экономикалық жағдайының нашарлауы олардың әлеуметтік өмірдегі қылмыстық ұяларға одан әрі тартылуының басты себебі болуы мүмкін.

Проблеманы зерттеушілер 1990 жылдан бастап қылмысеклер қатарының жасарғанын атап көрсетеді. Мысалы, бұғынгі күні Ресейде қылмысеклердің жартысы (54 проценті) – 14 пен 30 жас арасындағы жастар, барлық қылмысеклердің жетіден бір белгін 14|18 жастағы кәмелетке толмағандар қурайды. Қазақстанда тиісінше – 50,9 және 6,9 процент<sup>75</sup>. 1999 жылы ҚР полиция қызметкерлері 148 мыңға жуық кәмелетке толмаған қылмысеклерді ұстаган, бұл 1998 жылға қарағанда 10 мыңға көп. Жоғары оку орындарының қылмыс жасаған студенттері 40 процентте жуық, ал мектеп, лицей және гимназиялардың окушылары – 23 процентке көбейді. Жасөспірімдер жене жастар жасаған қылмыстың айрықша ерекшелігі соңғы жылдары жеке бас мақсатында болып отыр. Үрлық, автокөліктің айдал кету, тонау, ұрып кету, бұзакылық – бұлар кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстың өзіндік «жынтығы». Ең қорқыныштысы қылмыс өтес аяусыздықпен жасалады. Мұндағы барынша «енбек» электрондық бұкаралық ақпарат құралдарына тиесілі, олардың арналары бойынша жауыздық пен қатыгездік жаппай ағынмен беріледі. «Ең басты батырдың» жүйелі түрде ғулденуі өмірдің жетістіктеріне құшпен ғана қол жеткізетін жастардың сенімін қалыптастырады.

Жасөспірімдердің делинквенттік мінез-құлқы «ересек» қылмыстық мінез-құлқытын зандылықтарына сыйкес келмейді. Жасөспірім істегенін жокқа шығармай, жи түрде өзінің кішісін мойындауды немесе іс жүзінде жокқа шығармайтын құқықтық тыйым салуды бұзады. Осындағы мінез-құлқыты түсіндіру үшін бейтараптық теориясына жүгінеді, оның мәні жасөспірімнің өзіне қатысты женілдету жағдайларының іс-әрекетін санаңыз түрде көнегітүге, өзінің әрекетін актауға және тіпті оның тиімділік элементтерін енгізуге ұмтылады. Сұраулар жасөспірімдердің көпшілігі өзінің қылмысының себебін сыртқы жағдайлардан көретіндігін айтады, құрылғандардың ширегі осындај җағдайда кім де болмасын осыған барындығына сенімді. Келтірліген зиянды қате бағалауда жән.

Өзінің мінез-құлқына осылайша қарау біршама дөрежеде зандық практиканың және құқықтық тәрбиенің ерекшеліктерімен негізделеді, бұл жасөспірім қылмысеклерде өзінен жаза қолданылмайтыны туралы түсінікті қалыптастыруға жи әкеп соғады және бұл қылмыстың «жасару» себептерінің бірі болып табылады. Рецидивтер ықтималдығы өсуде. «Жазаңызды өтеп келгеннен кейін қылмыс жасайсыз ба?» деген сұрақтың жауабы да қарапайым: «Жоқ» — деп сұралғандардың тек 45% ғана жауап берді, «Қалай боларын білмеймін» — деп кәмелетке толмаған қылмысеклердің 32-сі жауап берді.

«Жастар тандауы» ұйымының тен төрайымы Ярская В.Н. айтуынша, қазіргі танда Қазақстан жастарының 15 проценті ғана тұрғын үймен қамтамасыз етілген. Жастардың 5 проценті ата-анасы сатып әперген үйде тұрады. «Мәселенің түйні жастарға тұрғын үй сатып алу немесе оны салып алуға несие беру тетіктерінің қалыптаспауында жатыр», - деді Ярская В.Н. [20] «Жастар тандауы» ұйымы жас отбасыларға женілдетілген несие беру мүмкіндігін қарастыруды ұсынады. Қазіргі тұрғын үй бағасы мен жоғары несие ставкасы жастардың басым белгіне ипотекалық несие беру жүйесінің қызметін тұтынуға мүмкіндік бермей отыр. Осы орайда А.Хаматдинова жас отбасыларға тұрғын үй сатып алуға 40 жылға дейінгі мерзімге 6-8 проценттік есіммен несие беретін АҚШ-ты мысалға келтірді.

«Қазақстан ипотекалық компаниясы» ЖАҚ төрағасының орынбасары Нұрлан Тоқабаевтың түсініктемесіне жүгінсек, елімізде қазір ипотекалық несие 15 жылға 13 проценттік үстеме сыйақымен беріледі. Оның айтуынша, Қазақстан ипотекалық компаниясы несие мерзімін 20 жылға дейін ұзартуға, сонын нәтижесінде несие ставкасын төмендетуге қадамдар жасауда. Демек, қазақстандық жастар үшін де ипотека қызметін тұтынатын мерзім жақын, деді Н.Тоқабаев. Ол сондай-ақ, жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесінің шешімін табу үшін арнайы бағдарлама жобасы жасалып, муниципалдық тұрғын үйлер салына бастайды дегенге сенім білдірді [21].

Бұл ретте жастардың әлеуметтік мәселелерін шешуде әртүрлі бағдарламалар қабылдаған және іс-шаралар жоспарын жасаған орынды. Оnda мынадай негізгі бағыттар бойынша кезендік және үйлестіруші іс-әрекеттер көзделгені жөн:

1. Жастармен әлеуметтік жұмыс жүргізу үшін жағдайлар жасау.
2. Жастардың экономикалық дамуы, енбек және жұмыспен қамту саласында жағдайлар жасау.



3. Өнірлерде жастар саясатын іске асыру.
4. Білім және ғылым саласында жастардың күкіктары мен мұдделерін қамтамасыз ету.
5. Жастар мен жастар саясатын ақпараттық қамтамасыз ету.
6. Жас таланттарды дамыту мен қолдау.
7. Салауатты өмір салтын қалыптастыру.
8. Жастар қоғамдық бірлестіктерінің қызметі үшін жағдайлар жасау.
9. Халықаралық жастар ынтымақтастығын дамыту.
10. Қазақстандық жастардың азаматтылығы мен патриотизмін дамыту.
11. Мемлекеттік жастар саясатының нормативтік-құқықтық базасын дамыту.

Бағдалама республика жастарында мемлекеттің қоғамдық-саяси, әлеуметтік және экономикалық өміріне ұмтылуы және белсенді қатысуына, өз қабілетін іске асыруы және өзін-өзі дамыту үшін тиісті жағдайлар жасауға дағылданыру арқылы мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға бағытталуы, ол оның нарық жағдайында ойдағыдан әлеуметтендірілуіне ықпал ететін болуы тиіс.

Бағдарламаның іске асыру тетігі Бағдарламаның іс-шаралар жоспарында көрсетілген іс-шараларды жастармен жұмыс істейтін барлық мұдделі құрылымдарды тарту арқылы, кезең-кезеңімен іске асыруға бағытталған мемлекеттік органдардың үйлескен іс-әрекеттерінен тұрғаны абзal.

### Әдебиеттер:

1. Theories of social casework / Ed. R. and R.I I. Nee. Chicago, 1970.; Peine M. Modern social work theory. L., 1992.; Social work treatment: Interlocking theoretical perspectives / Ed. F.J. Turner. N.Y. 1986.; Hearn G. Theory-building in social work. Toronto, 1958.
2. Рамон Ш., Шанин Т. Милосердие и умение: Социальный работник как профессия // Вестн. высш. шк. 1991, № 11. С. 47.
3. Мырзабаева Б, Оразымбетова А, Жайлаубекова С. «Әлеуметтік педагогтың ауыл мектебіне арналған жұмыс жоспары», Ауыл мектебі №2, 2003
4. Бикенов К.Ү., Жаназарова З.Ж., Нұрбекова Ж.А. Отбасымен әлеуметтік жұмыс: Оку құралы.- Алматы.- 2003.
5. Василькова В.А., Василькова В.В. Социальная педагогика. М.:2000 г.
6. Галагузова М.А. „Социальная педагогика„. Курс лекций. М. 2000 г.
7. Грачев Л.К. Программа социальной работы с семьями, имеющими детей-инвалидов.-М, 1992.
8. Ағыбаев А. «Жасөспірімдер қылмысына не себеп?». Заң, №5, 2004.
9. Фрейд З. По ту сторону принципа удовольствия. М., 1925.;
10. Бернер Г., Юнссон Л. Теория социально-психологической работы. М., 1991.
11. Поддерживающие системы и взаимопомощь: Полидисциплинарные исследования / Под ред. Дж. Каплан, М. Киплелся. Нью-Йорк, 1976
12. Goldstein E.G. Ego psychology and social work practice, N.Y., 1984.
13. Gilligan C. In a different voice: Psychological theory and women's development. Cambridge. 1982
14. Западные молодежные субкультуры 80-х годов: Научно-аналитический обзор. – М.: ИНИОН АН СССР, 1990.
15. Молодёжь планеты: глобальная ситуация в 90-х годах, тенденции и перспективы /Ильинский И.М. и др. - М.: Ин-т молодёжи - "Голос", 1999. – 324. с.
- 16.Андрющенко В.П., Горлач Н.И. Социология: наука об обществе. Харьков, 1996.
- 17.Филипов Р.П. Школа и социальные развитие общества. М., 1990.
18. Фирсов М.В., Студенова Е.Г. Теория социальной работы. М., 2000.
19. Лещинская Г. Молодежный рынок труда. /Экономист, № 8, 1999.
20. Ярская В.Н. Философия социальной работы: вопросы преподавания // Социальная работа. М., 1992. Вып.5.
21. Тоқабаев Н. Болашакқа қадам // Білім және еңбек. – 1987. – № 9. – 2 -11 бб.